

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2019 жылғы 18 маусым

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Ж.Н.Бәйішев,
баяндамашы судья В.Х. Сейтімова,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы А.В.Лозинскаяның қатысуымен,
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68,
69, 73-75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 14, 19, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,
Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер
палатасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ
туралы шарттың 74, 76-баптарының және Жоғары Еуразиялық экономикалық
кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты
трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің 2 және 5-тармақтарының
ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік
қорытынды береді.

I.Өтініш берушінің сұрағы

Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы
(бұдан әрі – өтініш беруші, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) Еуразиялық
экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 74, 76-
баптарының және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы
19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген Нарықты трансшекаралыққа
жатқызу критерийлерінің (бұдан әрі – Нарықты трансшекаралыққа жатқызу
критерийлері, Критерийлер) 2 және 5-тармақтарының ережелерін түсіндіру
туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініште Шарттың 76-бабының 7-тармағына сәйкес мүше
мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық
субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметті
жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары мен коммерциялық емес ұйымдарының
Шарттың «Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары» деген
XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының
жолын кесуді, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда,
екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық
нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса,
Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Шартқа №19

қосымша болып табылатын Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (бұдан әрі – Хаттама) көзделген тәртіппен жүзеге асыратыны көрсетілген. Бұл ретте мүше мемлекеттердің аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) болып табылмайтын жеке тұлғаларының және коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың 76-бабында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары жүзеге асырады деп белгіленген.

Өтініш беруші Шарттың «Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары» деген XVIII бөлімінің және Хаттаманың ережелерін оларды Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерімен өзара байланыста қолдануға қатысты бірқатар мәселелердің туындағанын атап өтеді. Атап айтқанда, сөз Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасында Шарттың 76-бабының 1-тармағында белгіленген тыйымдарды бұзушылықтардың жолын кесуге арналған өкілеттіктерінің аражігін ажырату туралы болып отыр.

Тауардың монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағасын белгілеуден көрінетін Шарттың 76-бабы 1-тармағының 1-тармақшасын бұзу орын алған жағдайда, тауардың осындай бағасы өз қызметін мүше мемлекеттің ішкі нарығында жүзеге асыратын тұтынушылар үшін де, сондай-ақ өз қызметін трансшекаралық нарықтарда жүзеге асыратын тұтынушылар үшін де бір мезгілде бірдей түрде белгіленуі мүмкін.

Өтініш берушінің пікірінше, көрсетілген жағдайда Критерийлердің 5-тармағының талаптары сақталған және Комиссияның құзыреті белгіленген кезде мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасының ұқсас талаптарын бұзушылықтың жолын кесудегі мүше мемлекеттің уәкілетті органының құзыретін бір мезгілде көруге болады. Осыған байланысты Комиссияның Шарттың 76-бабын бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі құзыретімен осындай бұзу және мүше мемлекеттің уәкілетті органының осындай бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі құзыретімен мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасын бұзу бір әрекетпен бір мезгілде жасалатын жағдай туындауы мүмкін.

Өтініш берушінің пікірінше, осындай жағдайлар Шарттың 76-бабы 1-тармағының 2 – 7-тармақтарында аталған басқа біліктілік құрамдары үшін де тән.

Өтініш беруші Соттан Шарттың және Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлерінің мынадай ережелерінің қолданылуы туралы түсінік беруді сұрайды:

1. Критерийлердің 5-тармағының орындалуы шартымен, шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) бір әрекетпен (әрекетсіздікпен) тиісті мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасын да, сонымен бірге трансшекаралық нарықта Шарттың 76-бабының 1-тармағын да бұзуы жағдайы болған кезде көрсетілген әрекеттерді

(әрекетсіздіктерді) қарау Комиссияның құзыретіне (айрықша құзыретіне) жата ма?

2. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы және Комиссия мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасын және трансшекаралық нарықта Шарттың 76-бабының 1-тармағын бір мезгілде бұзатын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны үшін шаруашылық жүргізуші субъектіні (нарық субъектісін) жауапкершілікке тартқан жағдайда, құзыреттің аражігін ажырату және көрсетілген тұлғаны жауапкершілікке тарту қандай түрде жүзеге асырылуға тиіс?

3. Ұлттық органда және Комиссияда *non bis in idem* қағидаты және құзыреттің белгіленген аражігін ажырату ескеріле отырып шаруашылық жүргізуші субъектінің бірдей (ұқсас) әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) байланысты тергеп-тексеру (жауапкершілікке тарту) жүргізілген жағдайда, оған құзыретті иеленбейтін органда тергеп-тексеруді тоқтату (жауапкершілікке тарту туралы актінің күшін жою) қандай түрде, қандай тәртіппен жүзеге асырылады?

II. Соттағы рәсім

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағында Соттың түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделеді.

Соттың өтініш беруші сұрататын консультативтік қорытындыны шығаруға қатысты заттық және субъективтік юрисдикциясы Соттың Үлкен алқасының Шартқа және Нарықты трансшекаралыққа жатқызу критерийлеріне түсінік беру туралы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өтінішін қарауға қабылдау туралы 2019 жылғы 15 сәуірдегі қаулысында, Сот Регламенті мен Сот Статуты ережелерінің негізінде белгіленген.

Түсінік беру туралы істі қарауға дайындау шеңберінде Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен Армения Республикасының Экономикалық бәсекелестікті қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясына, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне, Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Монополияға қарсы реттеу мемлекеттік агенттігіне, Ресей Федерациясының Федералдық монополияға қарсы қызметіне (Ресей ФМК), Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотына, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Сотына, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотына, Қазақстан Республикасының Заңнама институтына, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтына, Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясына, Еуразиялық

экономикалық комиссияға, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына сұрау салулар жіберілді және олардан жауаптар алынды.

III. Сот қорытындылары

Соттың Үлкен алқасы Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары негізінде Шарттың ережелеріне және Одақ органдарының олардың өзара жүйелі байланыстағы шешімдеріне түсінік беруді жүзеге асырады.

Соттың алдына қойылған мәселелер өзара тығыз байланысты, ол Үлкен алқа үшін оларды бәсекелестіктің жалпы қағидаларын материалдық-құқықтық реттеу, сондай-ақ мүше мемлекеттер мен Комиссияның арасындағы бәсекелестік саласындағы құзыреттің аражігін ажырату негіздері тұрғысынан қарауды қажет етеді.

1. Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары Шарттың XVIII бөлімінде қамтылған. Оларды іске асыру тәртібі Хаттамада, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда, сондай-ақ Одақ органдары қабылдаған бірқатар актілерде белгіленген. Одақ құқығында белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидалары мүше мемлекеттердің аумақтарында бәсекелестік саясатын іске асырумен байланысты қатынастарға және екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы бәсекелестікке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері қатысатын қатынастарға қолданылады.

2018 жылғы 17 желтоқсандағы консультативтік қорытындыда «бәсекелестіктің жалпы қағидаларының тікелей күші бар және оларды мүше мемлекеттер халықаралық шартта бекітілген нормалар ретінде тікелей қолдануға тиіс» деп белгіленген.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 76-бабында белгіленген тыйым салуларды бұзу шаруашылық жүргізуші субъектілерді, жеке тұлғаларды және коммерциялық емес ұйымдарды жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылатынын атап өтеді.

Шарттың 74-бабының 3-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер Шарттың 75 және 76-баптарында көзделген тыйым салуларға қатысты қосымша тыйым салулар, қосымша талаптар және шектеулер белгілеуге құқылы.

2018 жылғы 10 шілдедегі консультативтік қорытындыда «мүше мемлекеттердің реттеудің ұлтүсті деңгейіне берілген мәселелер бойынша Одақ құқығының нормаларына қайшы келетін ұлттық құқықтық актілер қабылдаудан тартынуға міндетті екендігі» көрсетілген.

Осылайша, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бәсекелестік саласындағы, оның ішінде ұлттық нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жөніндегі кез келген әрекеттері Одақ құқығымен үйлесімді болуға тиіс, ал Одақ құқығының ережелері мен бәсекелестік саласындағы ұлттық

нормалардың арасындағы қарама-қайшылықтар Одақ құқығының басымдығы ескеріле отырып шешіледі.

2. Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары Одаққа мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді де, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді де анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз етуге бағытталған (Шарттың 74-бабының 1-тармағы).

2018 жылғы 17 желтоқсандағы консультативтік қорытындыда Соттың Үлкен алқасы «бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді ұлттық деңгейде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары және ұлтүстілік деңгейде Комиссия жүзеге асыратыны туралы қорытындыға келеді. Бұл ретте олардың құзыреттерінің аражігін ажырату бұзудың бір мүше мемлекеттің нарығындағы бәсекеге не трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсеріне қарамастан жүргізіледі».

Мүше мемлекеттердің бәсекелестік саласындағы уәкілетті органдары тиісті мүше мемлекеттердің аумақтары (ұлттық нарықтар) шегінде әрекет етеді. Егер Шарттың 76-бабының 1-тармағында белгіленген тыйым салуды бұзу бір мүше мемлекеттің ұлттық нарығына ғана теріс әсер еткен жағдайда, шаруашылық жүргізуші субъектінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) жолын кесу Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органының құзыретіне жатады. Уәкілетті органдар өз құзыретінің шеңберінде Шартта, Хаттамада, Одақтың өзге де актілерінде, бәсекелестік саласындағы мемлекетшілік заңнамада көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын басшылыққа алады.

Соттың Үлкен алқасы Шарттың 74-бабының 2-тармағында және Хаттаманың 8-тармағында көзделген мүше мемлекеттердің өздерінің аумақтарындағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу кезінде Одақ құқығын қолдану міндеттілігі ұлттық заңнаманың бәсекелестіктің жалпы қағидалары туралы Шарттың ережелерімен үйлесетін нормаларды қамтитын жағдайды жоққа шығармайды. Сонымен бірге, Комиссияның немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органының құзыретін белгілеуге арналған айқындаушы фактор нарықтың географиялық сипаттамасы болып табылады.

3. Комиссия Одақ органы ретінде Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде жұмыс істейді (Шарттың 8-бабының 2-тармағы).

Бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау, егер осы қағидаларды бұзу трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса, Комиссияға жүктеледі.

«Трансшекаралық нарық» ұғымы Шарттың 74-бабының 1-тармағымен енгізілген және ол екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумағын қамтитын нарықты білдіреді. Шарттың 74-бабының 2-тармағында Комиссияның құзыретін айқындау мақсатында нарықты трансшекаралық нарыққа жатқызу критерийі Жоғары Еуразиялық экономикалық

кеңестің шешімімен белгіленетіні көзделген. Критерийлер Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен бекітілген.

Критерийлердің 2-тармағында Шарттың 74-бабының 1-тармағында бекітілген трансшекаралық нарық ұғымы географиялық шекаралары екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумағын қамтитын тауар нарығы ретінде оны айқындау арқылы нақтыланған. Тауар нарығы ұғымы Хаттаманың 2-тармағының 19-тармақшасында берілген. Тауар нарығының географиялық шекараларын айқындау Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қарашадағы №7 шешімімен бекітілген Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) 23-31-тармақтарының негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, Комиссияның бәсекелестік саласындағы құзыреті нарықтың трансшекаралығы туралы негізгі қағида – географиялық критерий негізге алына отырып белгіленеді. Соттың Үлкен алқасы Критерийлердің 2-тармағының нормасы жалпы сипатты иеленеді және Шарттың 76-бабымен реттелген құқық қатынастарына қолдануға жататын трансшекаралық тауар нарығы ұғымын бекітеді деп есептейді.

4. Үлкен алқа Критерийлерде бәсекелестік саласындағы бұзушылықтарға байланысты олардың жолын кесу мақсаттары үшін жалпы географиялық критерийге қосымша қолданылатын арнайы қағидалардың көзделгеніне назар аударады. Критерийлердің 3-5-тармақтары Шарттың 76-бабында белгіленген трансшекаралық нарықтардағы бұзушылықтардың жолын кесу Комиссияның құзыретіне жататын тыйым салулардың түрлері бойынша қосымша шарттарды айқындайды.

Мәселен, Критерийлердің 5-тармағында нарық субъектілерінің санына және олардың үлесіне байланысты Шарттың 76-бабының 1-тармағында белгіленген (үстем жағдайды теріс пайдалану) тыйым салуларды бұзушылықтардың жолын кесу мақсаттары үшін сандық-сапалық критерийлер айқындалады.

Критерийлердің 5-тармағында шаруашылық жүргізуші субъектінің трансшекаралық нарықтағы үстем жағдайы анықталатын және тиісінше трансшекаралық нарықтағы бәсекелестікке теріс әсерді ескере отырып осындай жағдайды теріс пайдалануды Комиссияның жолын кесуіне жататын жағдайларды білдіретін трансшекаралық нарықта сату немесе сатып алу көлемінің үлестері белгіленген. Бұл қорытынды Әдістеменің 57-59-тармақтарымен үйлеседі. Тиісінше, Критерийлердің 5-тармағының шарттарын орындамау тұлғаның әрекеттерінде Шарттың 76-бабының 1-тармағын бұзу белгілерінің жоқтығын білдіреді, ал ол Комиссияның осындай әрекеттердің жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерін жоққа шығарады.

Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы нәтижесі трансшекаралық нарықтарға теріс әсер болып табылатын немесе болып табылуы мүмкін үстем жағдайды иеленетін шаруашылық жүргізуші субъектінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) тыйым салуды бұзушылықтардың жолын кесуді Комиссия

Критерийлердің 5-тармағында белгіленген шарттарды орындау кезінде жүзеге асырады деп айқындайды. Комиссияның трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестік саласындағы құзыреті тиісті критерийлерді қанағаттандырған жағдайда ерекше болып табылады.

5. Құзыреттің аражігін ажырату тұрғысынан Одақта жалпы тыйым салуларды бұзушылықтардың теріс әсерінің трансшекаралық немесе ұлттық нарықтарды қозғауына (немесе қозғауы мүмкіндігіне) байланысты бәсекелестік мәселелерін өңірлік немесе ұлттық жүргізудің бірлескен емес, екі деңгейлік жүйесі құрылды. Сонымен бірге, трансшекаралық нарықтың мүше мемлекеттердің тауар нарықтарын қамтитынын ескере отырып, трансшекаралық нарықтарға және сонымен бір мезгілде мүше мемлекеттің ұлттық нарығына теріс әсерді (ықтимал теріс әсерді) трансшекаралық нарықтардағы бірыңғай бұзушылық ретінде қарастыру қажет.

Соттың Үлкен алқасы Комиссияның және мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының құзыретті бір бұзушылыққа қатысты бір мезгілде жүзеге асыруының мүмкін болмайтыны туралы қорытындыға келді. Егер тұлға бір әрекет жасау арқылы мүше мемлекеттің заңнамасын және Шарттың 76-бабының 1-тармағын бұзған жағдайда, әрі мұндай бұзушылық трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болса (бұзушылық құрамының үйлесімі орын алса), онда трансшекаралық нарықта Шарттың 76-бабының 1-тармағының сақталмауын Комиссия жолын кесуге тиіс және ол ұлттық заңнама бойынша жауапкершілікті болдырмайды.

6. Үлкен алқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның өзара іс-қимыл механизмінің болуына назар аударады. Хаттамада бір бұзушылыққа қатысты Комиссияның және мүше мемлекеттің уәкілетті органдарының бір мезгілде қарауы, тергеп-тексеру жүргізуі, жауапкершілікке тартуы мүмкіндігін жоққа шығаратын процесттік кепілдіктер бар.

6.1. Хаттаманың 58-тармағына сәйкес, егер мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары Критерийлердің негізінде бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді қарау кезінде ЕЭК-тің тиісті өтініштерді (материалдарды) қарау жөніндегі ведомстволық бағыныстылығы анықталатын болса, мұндай өтініштер (материалдар) Комиссияға беріледі.

Осыған ұқсас тәртіп Комиссия бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді (материалдарды) қарауы кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ведомстволық бағыныстылығын анықтаған жағдайда да қолданылады: өтініштерді (материалдарды) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына беру туралы шешім де оларды қараудың кез келген сатысында қабылданады (Хаттаманың 60-тармағының 1-абзацы).

ЕЭК мен уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының рәсімдік аспектілері Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын

бұзушылықтар туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібі туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы № 97, «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарына тергеп-тексеру жүргізу тәртібі туралы» № 98 (бұдан әрі – Тергеп-тексеру жүргізу тәртібі), «Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істерді қарау тәртібі туралы» № 99 шешімдерімен реттеледі және ынтымақтастық пен транспаренттілік қағидаттарына негізделеді.

Осылайша, Одақ құқығында ұлтүстілік және ұлттық органдардың олар бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыруы кезіндегі, оның ішінде өтініштерді (материалдарды) қарау және тергеп-тексеру жүргізу сатыларында белгіленген құзыретке сәйкес ведомстволық бағыныстылығы бойынша істерді беру жөніндегі өзара іс-қимылының нормативтік-құқықтық және ұйымдастыру-құқықтық механизмдері көзделген. Мұндай механизмдер Одақ құқығымен белгіленген құзыреттердің аражігін ажырату қағидалары негізге алына отырып, оған өкілеттіктерді иеленбейтін органдардың бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесуін болдырмауға бағытталған.

6.2. Одақ құқығымен көзделген құзыреттердің аражігін ажырату және өтініштер мен материалдарды ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру Шарттың тиісінше 8-бабының 2-тармағында және 3-бабының 7-абзацында нормативтік түрде көрсетілген құзыреттерді беру мен ынтымақтастық қағидаттарын іске асырудың жеке жағдайын білдіреді. Рәсімдік түрде бұл тиісті құзыретті иеленбейтін органдарда өтініштерді (материалдарды) қарауды, тергеп-тексерулер жүргізуді тоқтата тұру және тоқтату үшін негіздеме болып табылады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органының бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтінішті Комиссияның қарауына беру туралы шешімі Комиссияға тиісті өтініш жіберумен сүйемелденеді. Мұндай өтініш бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтінішті қарауды Комиссия мынадай: бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу туралы, өтінішті ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру туралы, өтінішті ол одан келіп түскен уәкілетті органға қайтару туралы шешімдердің бірін қабылдағанға дейін тоқтата тұрудың негіздемесі болып табылады. Уәкілетті органның өтінішінің мазмұны, қоса берілетін құжаттар, өтініш берушінің хабарламасының мерзімі мәселелері және өзге де рәсімдік аспектілер Хаттаманың 58-тармағында реттелген.

Комиссияның трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуына тергеп-тексеру жүргізу туралы не трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтінішті (материалдарды) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру туралы шешім қабылдауы ұлттық уәкілетті органдардың өтінішті (материалдарды) қарауын тоқтатудың негіздемесі ретінде көзделген (Хаттаманың 59-тармағы). Хаттаманың 59-тармағын анықтау осы норманың императивтік

сипатты иеленетінін куәландырады және өтініштерді (материалдарды) карауды тоқтату мүше мемлекет органының шешіміне тәуелді болмайды.

Тергеп-тексеру жүргізу тәртібінің 14-15-тармақтарына сәйкес трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы іс қозғаудан бас тарту туралы ұйғарымды Комиссия шаруашылық жүргізуші субъектінің әрекеттерінде трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу белгілері болмаған жағдайда шығарады. Егер тергеп-тексеру жүргізу барысында қарастырылып отырған бұзушылықтың Комиссияның құзыретіне жатпайтыны анықталған және жүргізілген тергеп-тексерудің негізінде мүше мемлекеттің монополияға қарсы заңнамасын бұзу белгілерінің болуы туралы қорытынды жасалған жағдайда өтінішті (материалдарды) уәкілетті органдарға ведомстволық бағыныстылығы бойынша беру туралы ұйғарым шығарылады.

Жоғарыда көрсетілгендер Үлкен алқаның оған құзыретті иеленбейтін органдарда тергеп-тексеру жүргізуді тоқтату тәртібінің Хаттаманың VI бөлімімен айқындалатыны туралы қорытынды жасауы үшін негіз болады.

7. Соттың Үлкен алқасы шаруашылық жүргізуші субъектіні бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке тартқан және мүше мемлекеттің уәкілетті органдарының және Комиссияның шешімдерімен бір мезгілде санкциялар салынған жағдайда құзыретті бұзатын шешімнің күшін жоюға жататынын көрсетеді.

Одақ құқығында *non bis in idem* қағидатының жеке көрінісі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 17 желтоқсандағы № 118 шешімімен бекітілген Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұлдар есептеу әдістемесінің 11-тармағы «в» тармақшасының нормасы болып табылады, оған сәйкес трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдану кезінде құқық бұзушының бір бұзушылық үшін екі рет жауаптылықта болмайтыны туралы қағида сақталады.

Статуттың 50-тармағының 1-тармақшасына байланысты Сот консультативтік қорытынды беруді де қамтитын сот төрелігін жүзеге асыру кезінде халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын қолданады. Сот актісін шығару кезінде Сот Одаққа мүше мемлекеттердің жалпы конституциялық дәстүрлерін, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау туралы халықаралық келісімдерді негізге алады.

Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу кезінде осы тәсілдемені қолдану Комиссияның және мүше мемлекеттің уәкілетті органының шешімдерімен бір әрекетті жасағаны үшін бір тұлғаны бір мезгілде жауапкершілікке тартудың мүмкін болмайтынын білдіреді (*non bis in idem*).

Бұл жағдайда *non bis in idem* қағидатына жүгіну және Одақ құқығының құзыреттердің аражігін ажырату туралы ережелерін адал орындау міндеттілігі Комиссия мен ұлттық органдардың арасында өкілеттіктердің

аражігін ажырату туралы Шарттың талаптары бұзыла отырып қабылданған шешімнің күшін жоюға әкеледі.

8. Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай қорытындыға келді.

8.1. Критерийлердің 5-тармағының орындалуы шартымен, егер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектісінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) тиісті мүше мемлекеттің ішкі нарығындағы мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасын да, сонымен бірге трансшекаралық нарықта Шарттың 76-бабының 1-тармағын да бұзу жасалған жағдайда көрсетілген әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) қарау Комиссияның айрықша құзыретіне жатады.

8.2. Одақ құқығында белгіленген құзыреттердің аражігін ажырату критерийлерін, Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының өзара іс-қимылы тәртібін ескере отырып, Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау саласындағы құзыретті бір мезгілде жүзеге асыру мүмкіндігі жоққа шығарылады.

Комиссияның трансшекаралық нарықта Шарттың 76-бабы 1-тармағының бұзылуы туралы істі қарауы әрекеттері ұлттық нарықта Шарттың 76-бабының 1-тармағын бұзатын шаруашылық жүргізуші субъектіні мүше мемлекеттің уәкілетті органының жауапкершілікке тарту мүмкіндігін жоққа шығарады.

8.3. Бәсекелестік қағидаларын бұзғаны үшін уәкілетті органның шешімімен және Комиссияның шешімімен бір мезгілде жауапкершілікке тарту және санкциялар салу жағдайында Шартта көзделген құзыретті бұзатын шешімнің күші жойылуға жатады.

Тергеп-тексеру жүргізу құзыретін иеленбейтін органдарда оларды тоқтату тәртібі Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (№ 19 қосымша) VI бөлімімен айқындалады.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтимова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А.Федорцов

К.Л. Чайка